

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ЖШС "Зейінді бала" балабақшасы

Топ: «Балапан» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 08 – 12 сәуір айы, 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 08.04.2024ж	Сейсенбі 09.04.2024ж	Сәрсенбі 10.04.2024ж	Бейсенбі 11.04.2024ж	Жұма 12.04.2024ж
Балаларды қабылдау «Нейро жаттығулар бұрышында»	«Нейро жаттығулар бұрышында» Балалармен сәлемдесу. Балаларда жағымды көңіл-күй қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Қарама-қарсы сөзді тап» Мақсаты: Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді антонимдерді дұрыс айтуға баулу. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты дамыту. Бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	«Нейро жаттығулар бұрышында» Балалармен амандасу бұрышында сәлемдесу. Балаларда жағымды көңіл-күй қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Бізді қоршаған орта» Мақсаты: Зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдана білуге үйрету. қарапайым көріністерді ойнауға баулу. Сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамытуды жалғастыру. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	«Нейро жаттығулар бұрышында» Балалармен амандасу бұрышында сәлемдесу. Балаларда жағымды көңіл-күй қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы суреттер» Мақсаты: Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар жаттауға баулу. Жеке репликалардың эмоционалды образын беруге дағдыландыру. Ересектермен диалог құруды жалғастыру. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	«Нейро жаттығулар бұрышында» Балалармен амандасу бұрышында сәлемдесу. Балаларда жағымды көңіл-күй қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Жақсы-жаман» Мақсаты: Баланың сөздік қорын дамытуда тақпақтар жаттауға баулу. Жеке кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге дағдыландыру. Ересектермен диалог құруды жалғастыру. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	«Нейро жаттығулар бұрышында» Балалармен амандасу бұрышында сәлемдесу. Балаларда жағымды көңіл-күй қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Кәне, табайық» Мақсаты: Баланың сөздік қорын дамытуда жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Жеке репликалардың, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге дағдыландыру. Ересектермен диалог құруды жалғастыру.

				дамыту, көркем әдебиет)	(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын: «Қарама-қарсы белгілер» Мақсаты: Заттардың санын ажыратуға үйрету. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)	Дидактикалық ойын: «Бізді қоршаған орта» Мақсаты: біртекті заттарды топтастыруға үйрету. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)	Дидактикалық ойын: «Кім алғыр?» Мақсаты: Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табуға үйрету. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)	Дидактикалық ойын: «Ажырат» Мақсаты: Біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсетуге үйрету. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)	Дидактикалық ойын: «Төртіншісі артық» Мақсаты: Біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру үйрету. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				

	Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүру. Шеңбер бойы тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Б. қ: «Ара ұшты» Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иілту. «з-з-з» деп айту. /5 рет қайталау/ Б.қ.: «Көбелек қонды» Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Иыққа қонған көбелекті көру. басты оңға, солға бұру, «қонды» деп айту. /6 рет қайталау/ Б. қ.: «Оң-сол» Аяқтары алшақ қойылған, ленталар төменде. басты оңнан-солға қарай бұрып «сол жақ» деп айту, солдан-оңға қарай бұрып «оң жақ» деп айту. /6 рет қайталау/ Б.қ.: «Тик-так» Аяқтары алшақ, қолдары белде. «Тик» сөзін айтып басты оңға қисайту, «так» сөзін айтып басты тік ұстау, басты солға қисайтып қайталау. (6 рет қайталау) Қорытынды: Шеңбер бойымен жүру(Дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Асың, асың, асыңа, Бақыт қонсын басыңа, Дастарханың мол болсын, Көңіл күйің жай болсын. Астарың дәмді болсын!				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекеттер				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Денешынықтыру Тақырыбы:«Бірінші бол!»Міндеті:Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін) жүгіру Шеңбер бойымен тұрып: 1.Жалпы жетілдіруші жаттығулар.(бас,	Дене шынықтыру Тақырыбы:«Бізбен бірге және бізден артық орында»Міндеті:Оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға	Музыка Пән жетекшісі жүргізуімен.	Дене шынықтыру (таза ауада) Тақырыбы: «Аулада ойнайтын ойындар»Міндеті: Қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста»,	Қазақ тілі Тақырыбы:«Біздің айналамыздағы әлем»Міндеті:Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Ұйымдастыру бөлімі:Біз қандаймыз, қандаймыз.

	дене, аяқ бөліктеріне арналған) 2.Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар: -Қарқынды өзгертіп, жай, жылдам (10-20 метрге дейін) жүгіреді. Қадағалау, бақылау. Қимылды ойын: «Доптар мектебі» Мақсаты:Қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру. Тыныс алу жаттығуы: «Шар үру» Еркін ойындар ойнау.	(нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық) Ұйымдастыру бөлімі: Шеңберде: 1.Жалпы жетілдіруші жаттығулар.(бас,дене, аяқ бөліктеріне арналған) 2.Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар -Оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтырады. - Оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық) лақтырады. Бақылау, қадағалау. Көмек беру. Қимылды ойын: «Кеглиді көзде» Мақсаты:Қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру. Тыныс алу жаттығуы:		«тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету. Спорттық жаттығулар.Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен тебуге үйрету. Жалпы жетілдіруші жаттығулар.(бас,дене,аяқ бөліктеріне арналған) Жүгіру.Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін) жүгіру.Қимылды ойын:«Допты қуып жет» Мақсаты:Қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру. Тыныс алу жаттығуы: «Шар үрлеу» қадағалау, бақылау. Еркін ойындар.	Шұғылалы таңдаймыз. Күлімдеген күндейміз. Еш уайымды білмейміз. Артикуляциялық жаттығу: «Дәмді тосап», «Ат шауып келеді», «Тіс тазалау» Дидактикалық ойын: «Сиқырлы суреттер» Мақсаты:Санамақтар, тақпақ, жаңылтпаштар айту барысында, артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды дамытуды жалғастыру. Сергіту сәтін орындау:«Көгершіндер» Біз ұшамыз, ұшамыз, Бар әлемді құшамыз. /Қолды екі жаққа қанатша керіп, бірінің артынан бірі шеңбер жасай жүгіру/ Әрбір үй мен қалаға, Тыныштық бақыт сыйлаймыз. /Бір - бірінің қолдарынан ұстап шеңбер құру/ Бірімізбен біріміз, Қанекей дос болайық. /Қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру/
--	---	---	--	---	---

		«Шар ұру» Еркін ойындар ойнау.			Артикуляциялық жаттығу: «Дәмді тосап», «Ат шауып келеді», «Тіс тазалау» Ойын-жаттығу: «Сиқырлы доп» Мақсаты: Жаңа сөздер тауып айту. Тыныс алу жаттығуы. Еркін ойындары.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық – ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен	Серуен:№11 Ағаштарға бақылау жасау. Балалармен бірге ауладағы ағашты қарау: ағаштың бүрлерінің астынан кішкентай жапырақ өскіндері өсіп келе жатқанын бақылау. Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету. Терек пен аққайыңның бұтағын салыстыру(аққайыңның бұтағы жіңішке, иілгіш, қабығ	Серуен:№12 Аққайыңның шырын бөлген уақытын бақылау. Балалардың назарын аққайыңға аудару. Көктем келісімен ағаштардың шырындық қозғалысы болатынын атап өту. Бұл процесс көкетмде еріген қардың суын тамыры арқылы жұтып, шырын бөліндісі содан пайда болатынын түсіндіру. Ол қыс бойғы	Серуен: № 13 Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау. Ағаштарды түсіне қарай қарау, жәндіктердің үймелеуін белгілеу, гүлдеген ағаштардың сұлулығын айыра білу, ағаштардың пайдасы жөнінде балалардың түсінігінде қалыптастыру. Эстетикалық талғам мен сезімді тәрбиелеу.	Серуен:№14 Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау. Балалармен жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті қарау. Күн көп түсетін жерде алғашқы шөптер қылтиып шыға бастайтынын бекіту. Күн қыза бастады, қар еріді, топырақ жылынды, көк шөп өсті, яғни балаларды осылай қорытынды жасай білуге	Серуен:№15 Бақбақтың өсуін бақылау Бақбақтың құрылымы жайлы балалардың білімдерін бекіту. Өсімдіктің өсуі және өсу реті туралы түсініктерін нығайту. Бақбаққа және басқа өсімдіктерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу. Байқампаздықты дамыту. Қимылды ойын «Гүлдер»

ы қоңыр-қызыл,бүрі ұсақ, бұтақта бір-бірлеп орналасқан;терек бұтағы аққайыңға қарағанда жуан,қабығы сұрғылт-жасыл,бүрі ірі,ұзын, жабысқақ және хош иісті, бір-бірлеп өседі)Салыстыра білу қабілеті мен нақты белгілерін атай білуге үйрету.Табиғаттан алған әсерлерін қуанышты көңіл-күйлерін білдіре білу. Қимылды ойын «Ағаштан ағашқа» Алға жылжу арқылы қос аяқтап секіре білуді бекіту.(кімде-кім аз секірсе сол,жеңімпаз)ойын барысында ойынды әділ бағалауға үйрету. Ойын барысында жолдастарымен ақылдаса білуді дамыуЕңбек іс-	өсімдіктердің тағамдық қорының еруінен пайда болатын ерітінді. Балалардың қызуғышылығы мен қабілетін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту. Қимылды ойын «Орман дақтары» Балалардың өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуін дамыту.Ағашқа арқасын беріп тұрған, қос қолымен қымтап ұстаған баланы қозғауға болмайтынын,. ойынға деген қызығушылықты арттыру. Еңбек іс-әрекеті Ағаштың жан-жағын дөңгелетіп қопсыту. Еңбек барысында еңбекке тәрбиелеу. Жалпы пайда үшін еңбектенуге үйрету. Дидактикалық	Қимылды ойын «Секіргіш бақалар» Керілген сымнан секіре білуді жалғастыру.(Тәрбиеші жіптің бір ұшын ұстап,жерге айналдыра дөңгелетеді,ал шеңберде тұрған балалар секіру керек).Балалардың физиологиялық ұйымшылдық,төзімділік қасиеттерін дамыту. Еңбек іс-әрекеті Ағаш түбін әктеу. Ағаштың түптерін әктеу. Щетканы оң қолмен ұстап,жоғарыдан төменге қимылдар жасау.Берілген тапсырманы мұқият тыңдап,істі аяғына дейін жеткізу.Қиындық туа қалған жағдайда көмекке келу. Дидактикалық	үйрету.Табиғаттың оянуына байланысты балаларда көтеріңкі көңіл күйді ояту.Өсімдікті аялап,күте білуге үйрету Қимылды ойын «Көк шөптегі хоккей» Хоккей таяғымен допты домалата білуді бекіту,қақпаға соғу,бір орында тұрып кіргізу.Ойында достық көмекке келуді үйрету. Еңбек іс-әрекеті Ауладағы қураған шөпті жинау Тырнауышпен жұмыс істеуді жалғастыру (шөпті белгілі бір орынға жинау, зембілмен оны апару). Жолдастарымен бірлесіп жұмыс атқарып,ұжымдық	Гүлдердің атауын пысықтау(ойыншылар өздеріне гүл атауын тандап алады). Алаңда қозғалу біліктіліктері, белгіні сезіне білу(бастаушы басқа ойыншылармен алаң ішінде қозғалып жүреді, бастаушы гүлді атайды, аты аталған гүл-ойыншы қолын көтеріп қашады);ойын тәртібін сақтау(жаңа гүлді атай алмаған ойыншы бастаушыны ауыстырады). Еңбек іс-әрекеті Гүлзарлардағы гүлдері бағып,күту. Гүлдерді дұрыс суару дағдыларын бекіту.(таңертең не кешке суару, күн қызбай тұрғанда асықпай біркелкі суару). Гүлдерге
--	---	--	--	---

әрекеті Бұтақты кесуден кейінгі қалдықты жинау. Еңбек нәтижесін көру, топқа бірнеше бұтақты жинап әкеп, келесі бақылауды ұйымдастыру. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама «Біздің үй қайсы, тап?» Сипаттау бойынша ағашты таба білуге үйрету. Өзіндік іс-әрекет Ойын барысында жұбымен бірге бірлесіп, ойын нәтижесін бөлісе білуге үйрету. (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру)	ойын. Тәжірибе мен сараптамалар Тапсырма. Шырын бөліп тұрған ағашты тауып, бақылау. Қорытынды Ағаш қабығының астынан мөлдір сұйық бөлінеді, дәмі тәтті, ауада тотығады, қызғылт түске енеді. Өзіндік іс-әрекет Бірлескен іс-әрекет барысында ереже мен тәртіп нормаларын белсенді қолдана білуге ынталандыру. (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру)	ойындар. Тәжірибе мен сараптама «Орманшы» Бірнеше ағаштың түр-тұлғасын, бөліктерін: діңі, жапырағы, жемісі мен дәні болатынын еске сақтау. Өз білгендерін сөзбен жеткізе білу. Өзіндік іс-әрекет Ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасап, өз ойларын ортаға салып, құрдастарының шешіміне келіспеушілік білдіре білу, рөлдерге бөлу, ойыншықты бөлісе білуге дағдыландыру. (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру)	еңбекке деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптамалар Тапсырма. Аулада қыстан кейінгі шыққан шөп орнын тауып алу. Балаларды табиғатта болып жатқан өзгерістерді көре білуге үйрету. Сөздік-логикалық ойын дамыту, қойылған сұраққа жауап таба білуге дағдыландыру. Өзіндік іс-әрекет Балаларға өз беттерімен ойын тақырыбын таңдауды үйрету. Өз тәжірибесі негізінде бақылау барысынан алған жағымды тұстарды дамыту. Әр саладан алған білім көзін ойын	ықыласпен қарауды тәрбиелеу. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе және сараптама, «Тұқымның саяхаты» Өсімдіктің өсуіне қажетті шарттарды бекіту. (тұқым-су, топырақ, жылы, сабақ, жапырақтар, гүл, гүлдің тұқымы пісіп жетілуде тұқымды жел ұшырады.) Тәжірибе. Бақ-баққа «парашют» не үшін керек? Гүлдің құрылымы мен таралуы арасындағы байланыс. Қорытынды. Тұқымдар өте кішкентай, жел «парашюттерге» алысқа ұшуға көмектеседі. Өз бетімен іс-әрекет Ойыншының тақырыбын балалар алдын ала талқылап,
--	---	--	--	--

				кезінде көрсете білу. (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру)	рөлдерді бөліп, 3-4 адамнан тұратын бастапқы заттық кеңістіктегі қозғалысты ұйымдастыру. (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарғатұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киеті аяқ киімдерін өзбетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру. Тамақтану кезінде орындықтан тік отыру. Астыңдәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану, нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік әрекет; Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет (кітап оқып беру); Музыка – шығармашылық әрекет (музыка тыңдау); Қоршаған ортамен таныстыру – танымдық, еңбек (түймелерін, киімдегі ілгектерді өзбетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу);				
Біртіндеп ұйқыдан ояту. Сауықтыру шаралары	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік әрекет; Музыка – шығармашылық әрекет (балаларды музыкамен біртіндеп ұйқыдан ояту); Дене шынықтыру - қимыл белсенділігі (орындарында отырып, дене жаттығуларын, тыныс алу жаттығуларын орындау); Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, танымдық әрекеттер (реттілікпен өзбетінше киіну, түймелерін салу, аяқ киімді дұрыс кию, қыздардың шашын тарау, өру);				
Бесін ас	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету (бесін ас алдында гигиеналық шараларды орындау, көркем сөз қолдану) Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті (кезекшілердің әрекеті)				

	Сөйлеуді дамыту—коммуникативтік, танымдық әрекеттер (тамақтану)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үстөйіндары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын: «Гүлдер» Мақсаты: Тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдануды үйрету. Қарапайым сюжеттік және жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Қағазды түрлендіру әдістерін меңгерту. (Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру) Ойын-жаттығу Мақсаты: Өннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтауды дағдыландыру (музыка)	Дидактикалық ойын: «Киім дүкені» Мақсаты: Тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдануды үйрету. Қарапайым сюжеттік және жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Қағазды түрлендіру әдістерін меңгерту. (Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру) Ойын-жаттығу Мақсаты: Өннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтауды дағдыландыру (музыка)	Дидактикалық ойын: «Көлеңкесін тап» Мақсаты: Тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдануды үйрету. Қарапайым сюжеттік және жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Қағазды түрлендіру әдістерін меңгерту. (Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру) Ойын-жаттығу Мақсаты: Өннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтауды дағдыландыру (музыка)	Дидактикалық ойын: «Марблс тастары қонақта» Мақсаты: Тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдануды үйрету. Қарапайым сюжеттік және жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Қағазды түрлендіру әдістерін меңгерту. (Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру) Ойын-жаттығу Мақсаты: Өннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтауды дағдыландыру (музыка)	Дидактикалық ойын: «Марблс тастары қонақта» Мақсаты: Тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдануды үйрету. Қарапайым сюжеттік және жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Қағазды түрлендіру әдістерін меңгерту. (Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру) Ойын-жаттығу Мақсаты: Өннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтауды дағдыландыру (музыка)

				аяқтауды дағдыландыру (музыка)	дағдыландыру, әннің мазмұнын түсінуді жетілдіру. (музыка)
Баламен жеке жұмыс	Жомартқа қажетті сөздер мен сөз тіркестерін анық айтуға үйрету.	Томириске заттар мен бұйымдарды өз бетінше мүсіндеуге үйрету.	Сұлтанханға ересектермен, кұрдастарымен еркін сөйлесе білуге үйрету.	Жангүлге қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді дұрыс айта білуге үйренеді.	Абайғабіртектегі заттарды топтастыруға, бөліп көрсетуге үйрету.
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен	Серуен:№11 Ағаштарға бақылау жасау. Серуен:	Серуен: №12 Аққайыңның шырын бөлген уақытын бақылау.	Серуен: №13 Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау.	Серуен:№14 Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.	Серуен:№15 Бақбақтың өсуін бақылау
Балалардыңүйгеқайт уы	Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгіме	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу	Баланың бүгінгі көңіл-күйін баяндау	Алда болатын іс- шараларға қатысты әңгіме